

КАЗАХСТАН СЕГОДНЯ ИГРАЕТ СТРАТЕГИЧЕСКУЮ РОЛЬ КАК ТРАНЗИТНЫЙ ХАБ ЕВРАЗИИ. МЫ ВИДИМ ВЫСОКИЙ ИНТЕРЕС КАЗАХСТАНСКОГО БИЗНЕСА К УСТАНОВЛЕНИЮ ПРЯМЫХ СВЯЗЕЙ С БЕЛЬГИЙСКИМИ ПАРТНЕРАМИ И ГОТОВЫ К ДАЛЬНЕЙШЕМУ РАЗВИТИЮ МЕЖДУНАРОДНОГО ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ. ИМЕННО ПОЭТОМУ МЫ СОСРЕДОТОЧИЛИ ВНИМАНИЕ НА РАЗВИТИИ ЕВРАЗИЙСКОЙ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКОЙ СЕТИ, НОВЫХ ВОЗМОЖНОСТЯХ СОТРУДНИЧЕСТВА И ВНЕДРЕНИИ ИННОВАЦИОННЫХ, ЦИФРОВЫХ И УСТОЙЧИВЫХ РЕШЕНИЙ.

Жаслан ЖАГПАРОВ,
заместитель генерального директора
Союза транспортников Казахстана «Kazlogistics»



№98 (3137)
25/11/2025

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КӨЛІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ
1931 ЖЫЛДЫҢ 12 МАМЫРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

ПЕРВЫЙ ПОШЕЛ: ОБНОВЛЕН ВОКЗАЛ МАКИНСКА

Первый в стране модернизированный вокзал открылся на станции Макинск Акмолинской области. Реконструкция вокзала завершена досрочно.

Объект посетил аким области Марат Ахметжанов, ознакомившись с итогами работ и готовностью вокзала к вводу в эксплуатацию. Здание 1988 года постройки площадью 340 квадратных метров прошло полное обновление в рамках масштабной программы модернизации вокзальной инфраструктуры. Новый вокзал приведен в соответствие с современными стандартами: произведены полная реконструкция здания и модернизация инженерных систем, обновлены кассовая зона и зал ожидания, оборудована комната матери и ребенка. Помещения полностью адаптированы для маломобильных



пассажиров – установлены пандусы, расширены проходы, созданы удобные санитарные условия. В ближайшее время будет завершен монтаж систем видеонаблюдения, электронных табло и информационных панелей. Вокзал стал пилотным проектом по обновлению среди 125 вокзалов, которые планируется модернизировать по всей стране. В Акмолинской области в список

входят 16 объектов. Буландинский район стал первым, где работы завершены досрочно, чтобы с наступлением холодов пассажиры могли комфортно ожидать поезда. – Зданию действительно требовался ремонт. Мы думали, что ограничатся косметическим обновлением, но оказалось, что переделали все. У нас много студентов ездят на учебу и обратно, теперь время ожидания поезда будет проходить в

комфортных условиях, – поделилась жительница Макинска Гульмира Шарипова. В связи с требованиями к технологии строительно-монтажных работ реконструкция пассажирского перрона запланирована после завершения зимнего сезона. Вокзал готовится к открытию и в скором времени примет первых пассажиров.

Любовь РОВБА

ОН АЙДАҒЫ ӨСІМ



Еліміздегі жүк және жолаушы тасымалының басым бөлігін қамтамасыз етіп отырған «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ желісімен биылғы жылдың он айында 220 млн тоннадан астам жүк тасымалданған.

Қаңтар мен қазан айлары аралығында теміржол көлігімен жүк тасымалы 221,4 млн тоннаны құрап, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 4%-ға өскен. Республика бойынша 143,5 млн тоннадан астам жүк теміржол көлігімен тасымалданып, бұл өткен жылғы көрсеткіштен 3%-ға жоғары болған. Жүк экспорты да 6,1%-ға артып, 78,3 млн тоннаны құрап отыр.

Есепті кезеңде тас көмір тиеу 85,7 млн тоннадан асты, өсім 3,2%, оның ішінде республика ішінде – 59,5 млн тонна, экспорт 26,4 млн тоннаны құраған. Ал астық тасымалының жалпы көлемі он айда 11,2 млн тоннаны құрап, бұл өткен жылғы көрсеткіштен 38%-ға артық шаманы көрсеткен. Оның 8,45 млн тоннасы экспортқа жіберілсе, ішкі тасымалдар 34%-ға артқан.

Сонымен қатар өткен 10 ай ішінде қара металды тиеу 4 млн тоннаға дейін артып, 8,2%-ға, ал химиялық тыңайтқыштарды тиеу 3,9 млн тоннаға дейін артып, 18,7%-ға ұлғайып, тәп-тәуір өсімді көрсеткен.

Бекзат МҰҚАШЕВ



Рахат БОТАСПАЕВ,
Семей жол дистанциясының
директоры:

БАҚТЫ – АЯГӨЗ
ТЕМІРЖОЛ ЖОБАСЫН
ІСКЕ АСЫРУ БАРЫ-
СЫНДА ЕҢ СОҒҒЫ
ЖЕТІЛДІРІЛГЕН
ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ
ЖАБДЫҚТАР САТЫП
АЛЫНАДЫ. ОСЫЛАЙ-
ША, ТЕМІРЖОЛ ҚЫЗ-
МЕТІНДЕ СЫНАҚТАН
ӨТКЕН ӘРІ ТИІМДІ
ТЕХНОЛОГИЯНЫ
БАРЫНША ЕНГІЗУ
КӨЗДЕЛІП ОТЫР.
ҚҰРЫЛЫС ЖҰМЫСТА-
РЫ БҮГІНДЕ КЕСТЕГЕ
САЙ, БЕЛГІЛЕНГЕН
МЕЖЕ БОЙЫНША
ЖҮРГІЗІЛУДЕ

Ынтымақтастық

ОРТА ДӘЛІЗДІҢ КЕЛЕШЕГІН ТАЛҚЫЛАДЫ

Транскаспий халықаралық көлік бағдарының тартымдылығы Қазақстан темір жолының мүмкіндігін жаңа деңгейге көтеріп отыр. 2025 жылдың өткен 10 айында ТХКБ бойынша теміржол көлігімен тасымал көлемі 2,6 млн тоннаны құрап, ондағы қазақстандық жүктердің экспорттық үлесі 74 пайызға жеткен.

Ұлан ОРАЗ,
Астана

Бұл аталған бағдарға халықаралық деңгейде қызығушылықты арттыра түскен. Жуырда ҚТЖ-да өткен Эстония делегациясымен кездесуде екі ел арасындағы теміржол тасымалының қазіргі жай-күйі, өзара іс-қимыл және Транскаспий халықаралық көлік бағдарын дамыту мәселелері талқыланды.

Осы жылдың 10 айында Қазақстан мен Эстония арасындағы теміржол көлігімен жүк тасымалдау көлемі 264,1 мың тоннаны құрады, бұл 2024 жыл-

дың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 61,4%-ға жоғары. Кездесуде тараптар Орта дәліз Қазақстан арқылы транзиттің стратегиялық маңызды бағытына айналатынын атап өтті. Қытайдан Еуропаға жүктерді жеткізу уақыты 15-18 күнді құрайды, бұл теңіз жолынан екі есе жылдам.

ҚТЖ сервисінің сапасын арттыру үшін PSA International компаниясымен бірлесіп транзиттік декларациялаудың ашықтығын, Қазақстанның бүкіл аумағы бойынша жүктерді қадағалауды және бірыңғай цифрлық құжат айналымын қамтамасыз ететін мультимодальды

тасымалдардың цифрлық дәлізі енгізілді. Қазақстан аумағында теміржол операторы, экспедитор және кеден органдары арасындағы цифрлық процестердің интеграциясы аяқталды, бұл жүктердің өтуін жеделдетуге мүмкіндік береді.

ҚТЖ тұрақты тарифтерді, жеткізудің оңтайландырылған мерзімдерін және клиентке бағдарланған сервисті ұсына отырып, клиенттер үшін маршруттың тартымдылығын арттыру бойынша жұмысты жалғастыруда. Орта мерзімді перспективада компания орта дәліз бойынша жүк ағынын 10 млн тоннаға дейін арттыруды жоспарлап отыр.

НОВЫЕ РЕШЕНИЯ ДЛЯ ТРАНЗИТА



АКТУАЛЬНО

Казахстан усиливает меры по развитию транзитного потенциала, внедряя принципы «зеленого коридора» и сокращая барьеры на международных маршрутах. Эти задачи стали центральной темой совещания под председательством вице-премьера – министра национальной экономики Серика Жумангарина, где были обозначены ключевые шаги по повышению эффективности перевозок и цифровизации процедур.

Руслан РАХМЕТОВ,
Астана

Комплексное развитие транзитных коридоров и внедрение технологий «зеленого коридора» обозначены Президентом как приоритет транспортной политики. Речь идет о создании системы, объединяющей модернизацию инфраструктуры, цифровизацию таможенных операций, оптимизацию логистики и повышение прозрачности перевозок.

Как сообщило Министерство транспорта, через Казахстан проходят пять международных железнодорожных коридоров: ТМТМ (КНР – ЕС), Среднеазиатский (РФ – ЦА), Южный (КНР – ЦА), Север – Юг (РФ – Туркменистан – Иран) и Северный (КНР – РФ – ЕС). За последние пять лет их грузопоток показывает устойчивый рост: объем транзита увеличился

с 21,8 миллиона тонн в 2020 году до 27,4 миллиона тонн в 2024-м (+20%). Контейнерные перевозки также выросли – с 0,8 миллиона ДФЭ до 1,3 миллиона ДФЭ, что составляет +37%.

По итогам 10 месяцев 2025 года транзит достиг 24,9 миллиона тонн (+11,5%). Прогнозы министерства предусматривают дальнейший рост: 31-33 миллиона тонн по итогам года, до 54 миллионов тонн в 2026 году, 67 миллионов тонн в 2029-м и до 100 миллионов тонн к 2035 году.

Снижение количества таможенных досмотров – один из ключевых пунктов работы. Сейчас для проверки грузов требуется отцепка вагонов, что увеличивает время простоя и нарушает целостность составов.

Министерство финансов реализует комплекс мероприятий для перехода к «зеленому коридору». Как отметил ви-

це-министр финансов Ержан Биржанов, большое значение имеют уже внедренные инструменты. Так, в ИС «КЕДЕН» действует модуль таможенного транзита и предварительного информирования, позволяющий в автоматическом режиме определять виды контроля и работать по системе «одного окна». А система электронной очереди (СЭО) обеспечивает прозрачность и прогнозируемость перевозок. С момента запуска зарегистрировано более 2,7 миллиона бронирований, поступления в бюджет превысили 20,6 миллиарда тенге. Кроме того, завершена автоматизация выдачи иностранных бланков разрешений (ИБР) на границе с Китаем и Узбекистаном. За 10 месяцев оформлено свыше 160 тысяч ИБР, обеспечив поступление более 647 миллионов тенге. Совместно с АО «НК «ҚТЖ»

внедрен пилот по автоматической выдаче транзитных деклараций на маршруте Китай – Казахстан – Центральная Азия. За 10 месяцев оформлено 109,2 тысячи деклараций, а время обработки одного контейнерного поезда сократилось с трех часов до 30 минут. Пилот планируется расширить на направление Китай – Европа.

Работа также ведется по проекту многостороннего соглашения «Бесшовный транзит» (страны Центральной Азии, Кавказ, Туркменистан). Его интеграция с Узбекистаном должна завершиться к марту 2026 года. В перспективе – подключение Китая.

Параллельно идет объединение систем «ЕАСУ» и e-Freight для полного перехода от бумажных накладных к электронным.

На совещании рассмотрели вопросы модернизации пунктов пропуска и усиления пропускной способности пограничных станций. Сегодня в стране эксплуатируется 145,7 тысячи грузовых вагонов (+12% к 2015 году), а количество фитинговых платформ выросло в 2,4 раза – до 12,7 тысячи единиц. Обновление парка продолжается ежегодно.

Подводя итоги, вице-премьер Серик Жумангарин акцентировал внимание на важности сохранения целостности контейнерных поездов и координации всех звеньев логистической цепи.

KTZ EXPRESS УКРЕПЛЯЕТ СОТРУДНИЧЕСТВО



На казахстанско-эстонском бизнес-форуме KTZ Express и эстонская компания AS SilSteve заключили Меморандум о сотрудничестве, направленный на развитие мультимодальных перевозок с использованием порта Силламяэ на Балтийском море.

Подписи от казахстанской стороны поставил заместитель генерального директора по операционному обеспечению АО «KTZ Express» Куаныш Жақсыбек.

Меморандум направлен на развитие и укрепление партнерства в области мультимодальных перевозок между Казахстаном и Эстонией, включая использование порта Силламяэ (Port of Sillamäe) и терминала SilSteve в Балтийском море. Документ предусматривает совместную разработку и реализацию проектов по повышению эффективности транспортных цепочек, обеспечению конкурентоспособных тарифов и комплексного обслуживания клиентов.

Сотрудничество с AS SilSteve открывает новые возможности для развития международных маршрутов, повышения эффективности логистических процессов и предоставления комплексных услуг клиентам KTZ Express.

Асель ШАЙХЫНОВА

ҚОСТАНАЙҒА ҚАТЫНАЙДЫ



Биыл 16 желтоқсаннан бастап «Жолаушылар тасымалы» АҚ №119/120 «Алматы-Қостанай» бағытындағы жаңа «Тальго» пойызын іске қосады. Жүрдек пойыз жүріс уақытын стандартты пойыздарға қарағанда 12 сағатқа қысқартуға мүмкіндік береді.

Заманауи «Тальго» вагондарынан жасалған жаңа құрам жүз күндері қатынайтын жолаушыны тасымалдай алады.

Бағыт Қостанай, Тобыл, Атбасар, Астана, Қарағанды және Алматы сияқты ірі қалалар арқылы өтеді. Бағытта заманауи Тальго вагондары пайдаланылады. Олар сапардың қауіпсіздігін және жол үстіндегі жайлылықты толық қамтамасыз етеді. Мүмкіндігі шектеулі жандар үшін арнайы белгіделген орындар бөлінген, билет құнына 50%-ға дейін жеңілдік қарастырылған.

Бұл шешім елдің отңүстік пен солтүстік өңірлер арасындағы көлік қолжетімділігін күшейтіп, қысқы маусымда жолаушылар үшін жол жүруді едәуір қолайлы етеді. Билеттер billet.kz ресми сайтында және барлық теміржол вокзалдарының билет кассаларында қолжетімді. Қосымша ақпарат алу үшін 1433 нөміріне тегін қоңырау шалуға болады. Пойыздардың нақты келу және жөнелту уақыты туралы ақпаратты <https://tablo-railways.kz/> ги сайтындағы онлайн-табло арқылы қарауға мүмкіндік бар.

Ұлан ОРАЗ

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

КАЗАХСТАН МЕН ҚЫТАЙ
АРАСЫНДАҒЫ ЖҮК
ТАСЫМАЛЫ БИЫЛ

35 млн

ТОННАНЫ ҚҰРАЙДЫ ДЕП
КҮТІЛУДЕ.

2025 ЖЫЛДЫҢ МАМЫР-
ҚАРАША ОРТАСЫНА
ДЕЙІН ҚТЖ ЖЕЛІСІ
БОЙЫНША ШАМАМЕН

38,3 млн

ТОННА КӨМІР
ЖЕТКІЗІЛГЕН.

АҚТАУ ТЕҢІЗ ПОРТЫНЫҢ
ІС ЖҮЗІНДЕГІ ӨТКІЗУ
ҚАБІЛЕТІ ЖЫЛЫНА

12,3 млн

ТОННАНЫ ҚҰРАЙДЫ.

БАЙҚАУДЫҢ БАС ЖҮЛДЕСІН АЛДЫ

Шахида ЖҰМАН,
Маңғыстау



МЕРЕЙ

Қозғалыс қауіпсіздігі мәдениеті аясында Астанада өткен байқауда маңғыстаулық теміржолшылар жүлделі бірінші орынды жеңіп алды. «Үздік тәжірибелер» атты сайысқа 12 команда қатысқан еді.



Бірінші орынның жүлдесін еншілеген түбек командасы 750 мың теңгенің сертификатына ие болды. Байқауда екінші орын Ақтөбе, үшінші орын Ақмола бөлімшесінің командаларына бұйырды. Байқаудың негізгі мақсаты – қозғалыс қауіпсіздігі саласында бір бөлімшеде болып жатқан соны жаңалық, мықты жобаны өзге бөлімшелерге таныстырып, іске асыруға, тәжірибе алмасуға ықпал ету болатын. Мағыстаудан бұл сайысқа локомотив, вагон, жол шаруашылықтары мен қозғалысты ұйымдастыру және басқару салаларынан кіл мықтылар сайланып кеткен. Байқау шарттарына сай барлық сынақтан сүрінбей өткен олар сайыс барысында мол тәжірибе жинап, қозғалыс қауіпсіздігі бағытында Маңғыстауда қолдануға болатын жобаларды да түйіп қайтқандарын айтады.

Бес адамнан құралған команданы Маңғыстау ЖТ қозғалыс қауіпсіздігі бөлімінің бастығы Сұлтанмұрат Тұрғанбаев басқарып, топ құрамында Бейнеу айналым депосының машинист нұсқаушысы, Бейнеу жол дистанциясы бастығының орынбасары, Маңғыстау магистральдық желі бөлімшесінің қозғалыс бөлімі мен вагон депосынан жетекші инженер-технолог мамандар бар.

– Бірінші күні әр команда өз аймағында қозғалыс қауіпсіздігін сақтау бағытында іске асырылған жобалар жөнінде презентация жасады. Екінші күні тренингке қатысып, үшінші күні сайыстың басында берілген үй тапсырмасын орындадық. Бұрын болған қозғалыс қауіпсіздігінің бұзылу жағдайы дерегі бойынша тергеу жүргіздік. Жағдайдың себеп-салдарын талдадық. Қайталамау жолдарын қарастырдық. Интеллектуалдық ойындарға да қатысып, өзімізді жан-жақты сынап көрдік. Біз ол жерде бір-бірінен асып түсетін өте мықты жобаларды көрдік. Біз де өз саламызға қатысы бар, қажет болады деген жобалармен жақынырақ таныстық. Оны жасаған мамандармен ақылдасып, ой бөлісіп, жалпы, қай облыстағы теміржол мекемелерінде қандай жобалар жүзеге асырылып жатыр, оның тиімді тұстары неде, нәтижесі қалай, бәріне қанықтық. Берері мол байқау болды, – дейді Бейнеу айналым депосының машинист нұсқаушысы Рамиль Құттымұратов.

Суретті түсірген автор

СТУДЕНТТЕРГЕ ДӘРІС ОҚЫДЫ

Ләзат ПОЛАТҚЫЗЫ,
Арыс



СЕРІКТЕС

Шымкент магистральдық желі дирекциясына қарасты Арыс жол дистанциясы мен «Арыс қаласындағы №17 колледж» МКҚК арасындағы өзара ынтымақтастық келісімі аясында жуырда маңызды шара ұйымдастырылды.

Басқосу Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жариялаған «Жұмысшы мамандықтар жылына» орай өткізіліп отыр. Ұлттық компания басшылығы 2025–2026 жылдардағы оқу кезеңінде тәжірибелі теміржолшылардың арнайы дәрістер өткізуді ресми түрде оқу бағдарламасына енгізгені белгілі. Осы мақсатта республика бойынша іске асырылуы тиіс арнайы жоспар бекітілген. Соның аясында Арыс ПЧ-54 бас инженері Думан Додабаев №17 колледжге арнайы барып, студенттерге дәріс өткізді. «Теміржол көліктерін электрлендіру негіздері» тақырыбында ұйымдастырылған шараға ұстаздар мен оқу-әдістемелік бөлім әдіскерлері және студенттер қатысты. Компания өкілі теміржол шаруашылығындағы соңғы жетістіктер мен қолданысқа енгізіліп жатқан жаңа технологиялар және жүзеге асырылып жатқан жобалар туралы баяндама жасады. Сонымен бірге студенттердің сұрақтарына жауап беріп, олардың болашақ мамандыққа деген қызығушылығын арттыра түсті.

Айта кетейік, бүгінде Ғани Мырзахметов басшылық ететін Арыс теміржол колледжінде 826 студент білім алуда. Оның жартысынан көбі теміржол саласына қатысты төрт негізгі бағыт бойынша оқиды. 2 жыл 10 айлық оқу мерзімі бар мамандықтар қатарында: локомотив машинисінің көмекшісі мен жөндеу жөніндегі слесарь; сигнал беру, орталықтандыру және бұғаттау құрылғылары бойынша электромонтер; вагон жөндеу слесарі; байланыс желісінің монтері секілді кәсіптің қыр-сырын меңгеруде. Аталған санат бойынша бүгінде 440 студент мемлекет есебінен тегін білім нәрімен сусындап, арнайы стипендия алады.

Колледж түлектерінің басым бөлігі Арыс қаласында орналасқан теміржол мекемелері мен кәсіпорындарына жұмысқа орналасып, кәсіби теміржолшы ретінде еңбек жолын бастайды.

ЕРЕКШЕ СТАТУСҚА ИЕ СТАНЦИЯ



АЙМАҚ

Райхан РАХМЕТОВА,
Астана

Аманқос Құсайынов – қырық жылдық тәжірибесі бар теміржолшы. Станция алғаш ашылған кезде оны басқарған. Арада бірнеше жыл өткенде биыл қайта басшылыққа келген. Станция бастығын порт басынан жолықтырдық.

– Вагондарды кемелерге тиеп, оларды шығару, астық терминалдарына вагондар беру, вагондардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, тағысын тағы барлық станцияға тән жұмыстар мұнда да атқарылады. Өзгелерден айырмашылығымыз – су көліктерімен жұмыс жасаймыз. Станцияның әкімшілік кеңсесі кіреберісте болғанмен, станция кезекшілері, агенттер мен пойыз құрастырушылар және жүк қабылдап жөнелтушілер, вагоншылар осы порт ғимаратында отырады. Паромға 34-38 вагоннан әкелеміз. Жалпы өзімізде 200-ден астам вагон тұр. Оларды паромға және екі астық терминалына береміз. «Kaspi

Стратегиялық маңызды нысан Құрық портына тікелей қызмет көрсететін «Құрық порты» станциясы 2018 жылы құрылған, ал станцияның кеме алды сұрыптау паркі былтыр ашылды. Вагондарды құрастыру-тарқату сол жаңа паркте жүзеге асырылады.



Grain Way» терминалдарына қызмет етеміз, оның сыйымдылығы 52 вагон, екі кезеңде тепловозбен апарып береміз, өздері түсіреді, біз шығарамыз. «Саржа» терминалының біздің жаңа сұрыптау паркінде өздерінің кіреберіс жолы бар, сол жерде оларға вагондарды құрастырып береміз, өздері тепловозбен бері тартып алады. Транзиттік жүктер Қытай, Өзбекстаннан, Қырғызстаннан келеді. Олар Еуропаға жөнелтіледі. Ал кері қарай бос вагондар қайтады, – дейді «Құрық порты» станциясының бастығы Аманқос Құсайынов.

Бүгінде аталған станцияда 65 адам жұмыс істейді. Оның ішінде 9 станция кезекшісі, 9 агент, 9 тасымал құжаттары операторы,

5 тауар кассирі, 5 жүк қабылдап-жөнелтуші, 28 пойыз құрастырушы бар. Бәрі 12 сағаттық ауысыммен, көпшілігі Ақтаудан қатынап жұмыс істейді. Бір ауысымға 15 шақты адам шығады. Портта станцияның А және Б екі паркі бар. Әрқайсысы 6 жолдан тұрады. Теміржолшылар қызмет ететін 2 аймақ жұмыс істейді.

Биыл 10 айда Құрық порты арқылы 1 899 мың тонна жүк түсіріп, тиеді. Оның ішінде кеме кешеніне 1 481,1 мың тонна, «Kaspi Grain Way» ЖШС астық терминалына – 190,8 мың тонна және Саржа терминалына 227 мың тонна жүк келді. Осы ауқымды жүктерді сұрыптау паркінде түсіріп, тиеу, терминалдар мен паромдарға жеткізу, бос вагондарды бері қайтару, вагондарды жөндеу, жарамдылығын тексеру жұмыстарын ерекше статусқа ие станцияның қызметкерлері тәулік бойы жүргізе береді. Еліміздің, әсіресе транзит арқылы халықаралық жүк тасымалын қамтамасыз етуде «Құрық порты» станциясының маңызы жылдан жылға арта түсуде.

Суретті түсірген Абзал ҚАЛИЕВ

РЕСУРСТАРДЫ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ



СЕМИНАР

Ардақ ҮСЕЙІНОВА,
Жамбыл

«КТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС-нің Отын-энергетикалық ресурстарды нормалау және бақылау қызметі дирекциясының бастығы Дәурен Аманбаев семинардың мақсаты мен мәнін түсіндіріп, спикерлер мен тыңдаушыларға диалог алаңын ұсынып отырған Жамбыл бөлімшесі басшылығына алғысын білдіріп өтті.

Семинардың бірінші күнінде спикерлердің баяндамалары тыңдалды. «Wabtec» компаниясының өкілдері Талғат Досов, Сергей Лунценков қатысушыларға тірпортмізер жүйесін таныстырып, жұмыс принципіне шолу жасады. Мамандардың айтуынша, тірпортмізер – пойызды уақытқа әйкес басқаратын жүйе, яғни жылдамдық шектеулері мен жол профилін ескере отырып, энергияны үнемдейтін саяхат жоспарын жасайды екен. Автоматты жүйе пойыз осы жоспарды ұстануы үшін локомотивтің тартылуы мен динамикалық тежегіштерін бақылауда ұстайды. Егер шарттар өзгерсе, тірпортмізер жүйесі жаңартылған сапар жоспарын түзеді.

Семинарда локомотив депосының машинист-нұсқаушыларына тірпортмізер жүйесінің қосылуы мен жұмысы туралы бейнеролик көрсетілді. Компания өкілдері жүйе жұмысына қатысты туындаған сұрақтарға жауап берді. «Транстелеком» АҚ-ның өкілі Ольга Лобанова, сарапшылар Айдана Қайырғалиева Жан Ғазиздің техникалық нормалауда машинистер бағыттарының нақты сапарлары негізінде электр энергиясы мен дизель отынын тұтынууды есепке алу, бақылау және талдау бойынша бизнес-процестерді кешенді автоматтандыру және ақпараттық қолдау

бағдарламасынан алынған модульдердің деректерін көрсетіп, түсіндірді. ТЭЗЗА №0211 сериялы тепловоздың онлайн сапарына талдау жүргізілді. Нақты және нормативтік шығыстарды салыстырды.

Тақырып аясында көптеген проблемалар талқыланып, оны шешудің тиімді жолдары айқындалған семинарда Орал, Павлодар қаласында өткізілген семинарлардың спикерлері, батыс және солтүстік өңірлер бөлімшелерінің

алмасуға мүмкіндік беріп отыр, – деді Жамбыл ЖТ бас инженері Дүйсенбек Сыдықов.

ТЧЭ-31 Жамбыл локомотив пайдалану депосының бастығы Азамат Әуесбаев бұл машинистер үшін дизель отынының, электр энергиясының және жанар-жағармай материалдарының, басқа да шығын түрлерін үнемдеу және бақылаудың озық тәжірибесін ұсынатын білім алаңы екеніне тоқталып, семинар жұмысынан оң нәтиже күтетінін



бас инспектор-сарапшылары баяндама жасады. Олар өткен сегіз айдағы дизель отыны және отын-энергетикалық ресурстар шығыстарын оңтайландыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындау бойынша атқарылған жұмыстар туралы есеп берді.

– Локомотив деполарының инженерлері мен машинист-нұсқаушыларына тәжірибелік оқыту семинарын ұйымдастырудың маңызы зор. Себебі отын-энергетикалық ресурстардың шығынын бақылауда, алдын ала есепті болжам жасауда нені ескеру керек екендігі бүгін жан-жақты айтылады. Мамандар ресурсты үнемдеудің тиімді тәжірибесімен бөліседі. Бастысы бұл қадам жұмыс процесін жақсартуға, озық тәжірибе және біліммен

жеткізді. Семинардың екінші күні «КТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС-нің Отын-энергетикалық ресурстарды нормалау және бақылау қызметі дирекциясы жоспарлау және талдау тобының менеджері Марат Жақсыбеков локомотив пайдалану деполары бойынша пойыздардың тартылуына дизель отынын жұмсау нормаларын үнемдеу қағидатын жақсартуға қатысты өз ұсынысымен бөлісті. Мысал ретінде Қызылорда ТЧЭ-34 депосындағы шығыстардың нормалары келтірілді. Аталған дирекцияның мамандары тақырып аясында жасаған тағы бірнеше баяндамаға орай өзекті мәселелер талқыға салынып, талдау жасалды.

Суретті түсірген автор

КӘСІБИЛІКТІ ШЫҢДАУ ЖОЛЫНДА

Жуырда Семей магистральдық желі бөлімшесіне өндірістік оқыту шеберлерінің десанты келіп түсті. Атап айтсақ, ПЧ Балқаш, ЭЧ Қызылорда, ШЧ Қарағанды сынды бірқатар мекемелерден келген шеберлер нұсқаулық аясында дәрістер өткізді.

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

Семей жол дистанциясының базасында еңбекті қорғау және жұмыс орындарындағы өндірістік қауіпсіздік мәселелері бойынша өткен танымдық-тағылымдық маңыздылығы зор шараға қос бағытқа қызмет көрсететін ПЧ-39 жолшыларынан бөлек жол шеберлері мен еңбекті қорғау инженерлері жиналды. Теміржолшылар алдында Магистральдық желі дирекциясының еңбек қорғау және қауіпсіздік, өнеркәсіптік қауіпсіздік және экология департаментінің бас менеджері Айгүл Ерімбетова сөз алып, тақырып аясында кеңінен сөз өрбітті.

Жиынның келесі бөлімінде желі бойындағы қауіпсіздік шараларын сақтамаудың себеп-салдары бойынша нақты мысалдар келтіріліп, түшымды дәріс өткізілді. Бұл орайда Балқаш жол дистанциясынан келген, жол саласында 30 жылдан аса тәжірибесі бар өндірістік оқыту шебері Олег Дмитриевич сөз алып, өзекті тақырыптарды қозғады. Әсіресе жолшылар үшін маңызды саналатын қысқы мезгілде бағыттамалы бұрмаларды тазалау барысындағы сақтық, қарлы-боранды күндердегі қауіпсіздік талаптары бойынша әңгіме қозғалды. Жиналғандар алдында деректі танымдық фильмдер көрсетіліп, талқылаулар да



ұйымдастырылды. Жол шеберлері мен еңбекті қорғау инженерлері ортақ тақырып аясында пікір алмасты. Тәжірибелік мақсатта практикалық жұмыстар да жүргізілді.

Семей НЖС-6 бөлімшесінің еңбекті қорғау бөлімінің бастығы Жомарт Шапишевтің айтуынша, бүгінгі таңда шығыстағы желі бойынша, әсіресе жол шаруашылығында еңбекті қорғау талаптарын өрескел бұзу фактілері жоқ. Десек те, мұндай оқыту жұмыстарының маңызы қашанда зор. Әрдайым ізденісте жүрудің берері мол.

Семей жол дистанциясының еңбекті қорғау және қауіпсіздік

жөніндегі жетекші инженері Гүлзаира Елемесованың сөзіне сүйенсек, еңбекті қорғау шараларын ұйымдастыруда жыл басынан бері кешенді жоспар жасалынып, қажетті көлемде қаражат бөлінген. Әрбір тоқсан бойынша белгіленген қаржы толық игерілуде. Соның нәтижесінде болар, бүгінде дистанция көлемінде өндірістік жарақаттануға жол берілген жоқ. Оның сыртында жүрек-қан тамыры ауруларының алдын алуда да кешенді түрде жұмыстар жүргізілуде. Бұған осындай семинарлар мен техникалық дәрістердің де септігі тиюде.

Суретті түсірген автор

КОНСТРУКТИВНЫЙ ДИАЛОГ НА РАВНЫХ



Светлана МОГАЙ,
Караганда

В мероприятии также приняли участие директор филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Карагандинское отделение ГП» Марат Ибраев и директор Карагандинского отделения магистральной сети Толеубай Кенжебеков.



рожников приоритетом остается безопасность: обеспечение сотрудников средствами защиты, включая спецодежду, проведение регулярных инструктажей и стажировок,

а также внедрение эффективной системы управления охраной труда. Он отметил, что именно системный подход позволяет планировать и совершенствовать

мероприятия, направленные на снижение рисков на производстве. Работники активно включались в обсуждение – задавали вопросы, касающиеся как рабочих процессов, так и социальных аспектов. На все обращения были даны подробные разъяснения.

В заключительной части лучших работников ПЧ и ПЧ наградили медалями и благодарственными письмами за активное участие в строительстве второй линии железной дороги Достык – Мойынты.

Встреча прошла в доверительной атмосфере. Такие встречи способствуют продуктивному общению и достижению лучших результатов.

Фото автора

ЛОГИСТИКА ВЫДЕРЖАЛА НАГРУЗКУ



Руслан РАХМЕТОВ,
Кокшетау

В текущем году железнодорожные перевозки зерна демонстрируют заметный рост. Согласно данным компании, объемы отправок по стране увеличились более чем наполовину, а экспортные доставки также существенно прибавили по сравнению с предыдущим сезоном.

Заместитель директора Акмолинского отделения ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» Сапар Жазыбаев сообщает, что за два месяца нового маркетингового периода через Кокшетаускую и Северо-Казахстанскую области прошло около 1,4 миллиона тонн зерна. Это примерно на треть больше показателя прошлого года.

Из этого количества на внутренние маршруты пришлось

257 тысяч тонн, что почти вдвое превышает прошлогодний объем. Экспортные отправки составили 1,1 миллиона тонн, также показав рост более чем на 20%.

Этой осенью аграрии собрали один из самых высоких урожаев последних лет – около 27 миллионов тонн. Такой объем серьезно увеличивает нагрузку на железнодорожную сеть, однако поставщики продолжают оперативно отгружать зерновозы на элеваторы и в пункт назначения без значительных задержек.

По словам директора ТОО «Sinegor-Grain» Жаната Альжанова, предприятие работает на максимальной загрузке: уже принято свыше 30 тысяч тонн зерна нового урожая.

Он отметил, что отдельные сложности с отгрузкой были вызваны временными ограничениями на



инфраструктуре Узбекистана и Таджикистана. Сейчас, по его информации, КТЖ ввела порядок, согласно которому приоритет в направлении стран Средней Азии временно отдан исключительно зерновым грузам, – это позволит ускорить движение составов.

Парк специализированных вагонов компании насчитывает 13 700 зерновозов – этого количества достаточно для обеспечения

потребностей внутреннего рынка и стабильных экспортных поставок.

Очередной рекордный урожай потребовал от транспортной отрасли высокого уровня готовности. Железная дорога справляется с возросшими объемами, обеспечивая своевременную отгрузку зерна и поддерживая стабильность логистической цепочки в один из самых напряженных периодов года.

Фото автора

ЦЕЛЬ – ОБЕСПЕЧИТЬ БЕЗОПАСНОСТЬ



Аслан КУДАБАЕВ,
Костанай

Как сообщил начальник негосударственной железнодорожной противопожарной службы Костанайского региона Султан Смамбаев, по тактическому замыслу в административном блоке возник условный пожар.

Загорелась комната приема пищи. Создалась угроза перехода огня на соседние строения. К месту пожара оперативно прибыла пожарная автомашина ПЧ-9, а также пожарный поезд станции Тобол. Оценив

обстановку по внешним признакам, штаб подтвердил высылку сил и средств по вызову номер три и принял решение подать один ствол от пожарной автомашины на тушение пожара, а два от пожарного поезда на тушение пожара и дополнительную рукавную линию на заправку пожарной автомашины. Также в считанные минуты была произведена выгрузка и боевое развертывание рукавных линий, установка разветвлений, пожарных стволов,



пожарных лестниц, рукавных задержек, инвентаря (лопаты, багры и т.д.), спасательного ин-


струмента, приборов освещения, средств связи и другое. Здесь перечислить это все занимает определенное время, а осуществить в считанные минуты... Тем не менее очень скоро огнеборцы приступили к тушению пожара. Вскоре возгорание было локализовано, а затем и ликвидировано.

Всего в учениях принимали участие более 40 человек личного состава, пять единиц техники и пожарный поезд.

– На этот раз основная цель учений – обеспечение противопожарной безопасности на объектах железнодорожной структуры, путях и объектах, а также ликвидация пожаров и аварийных ситуаций на железнодорожном транспорте, организация тушения пожаров в сложных условиях, а также эффективное управление личным составом при выполнении задач в боевой обстановке, – говорит Султан Смамбаев.

Фото автора

НАДЕЖНОСТЬ КАЖДОГО ВАГОНА



Елена КОЛДАСБАЕВА,
Достык

Результаты эксплуатационной работы двух депо говорят сами за себя. Данные за десять месяцев текущего года демонстрируют стабильный рост по ключевым направлениям – от оперативности технических осмотров до повышения надежности подвижного состава.

В депо Алматы особый акцент сделан на скорость и качество технического осмотра: специалисты

активно используют современные технологии контроля, что ускоряет подготовку вагонов и улучшает качество обслуживания.

Вагонное депо Достык, играющее стратегическую роль на международном направлении, сосредоточено на надежности вагонов, проходящих через крупный пограничный пункт. Здесь приоритетом остается тщательная проверка тормозных систем, тележек и узлов, испытывающих повышенные нагрузки на транзитных маршрутах.

За 10 месяцев текущего года к техническому осмотру предъявлено 103 033 пассажирских и грузовых поездов (в прошлом году – 96 736). Под погрузку подано 394 759 вагонов (рост – на 30 534 вагона, или 7,7%). По УЗОТ-РМ подготовлено 21 684 поезда (в прошлом году – 19 113, рост – на 11,8%). Отцеплено 10 514 вагонов (в прошлом году – 9 046, рост – на 13,9%). Отремонтировано 8 545 вагонов (в прошлом году – 6 105). В Региональном центре управле-



ния перевозками (РЦУП-2 Алматы) функционируют пять межгосударственных стыковых пунктов. За 10 месяцев сдано: 14 614 поездов (в прошлом году – 14 296), принято 14 609 поездов (в прошлом году – 14 151), проконтролировано 292 856 поездов против 344 920 в 2024 году. Количество остановленных поездов уменьшилось почти в два раза – с 156 до 81. Общее время задержек также сократилось: 25 часов 34 минуты против 41 часа 17 минут годом ранее.

Каждое повышение в отчетных графиках – это не просто статистика, а отражение реальных изменений в организации работы. Усиленный контроль, внедрение современных технологий и ответственная работа специалистов позволяют добиваться устойчивых результатов.

В течение отчетного периода не допущено ни одного крушения, аварий, события или инцидента по вине работников депо Алматы и Достык.

Важное внимание уделяется

предупреждению отказов и повышению надежности подвижного состава. С осмотрами вагонов регулярно проводятся дополнительные инструктажи и практические занятия, направленные на совершенствование навыков по выявлению потенциально опасных дефектов. Такой комплексный подход позволил значительно укрепить безопасность перевозочного процесса.

– Наша главная задача – безопасность движения поездов. Мы последовательно повышаем надежность каждого вагона, проходящего через наши пункты обслуживания. В дальнейшем будем продолжать работу по модернизации процессов, ведь стабильность перевозок – фундамент доверия пассажиров и грузоотправителей, – подчеркнул руководитель службы вагонного хозяйства по Юго-Восточному региону ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» Бауыржан Мусагитов.

Фото автора

ПРОДЛИЛИ СРОК СЛУЖБЫ

Любовь РОВБА,
Шар



Работники локомотиворемонтного депо Шар успешно освоили и выполнили капитальный ремонт с продлением срока службы фрезерно-роторного снегоочистителя ФРЭС-2 для АО «КТЖ».



Собственником техники является филиал АО «КТЖ» – «Дирекция магистральной сети». Заказчик провел приемку и высоко оценил качество выполненных работ.

Снегоочиститель ФРЭС-2 после капремонта будет задействован в очистке железнодорожных путей от глубоких снежных заносов. Его ходовая часть обеспечивает хорошие динамические качества и прохождение в сцепке с тепловозом в кривых с минимальным радиусом, а также через сортировочные горки.

Капитальный ремонт с продлением срока службы позволяет избежать полной замены техники, что экономически выгоднее, и обеспечивает дальнейшую безопасную эксплуатацию снегоочистителя.

На начальном этапе ремонта произведена техническая диагностика для определения состояния всех несущих элементов конструкции ФРЭС-2. После чего изношенные детали, узлы и агрегаты были заменены или отремонтированы. Работники локомотиворемонтного депо Шар полностью восстановили все несущие части и системы, восстановив ресурс снегоочистителя. По итогам ремонта технике присвоен новый срок службы.

Фото автора

МЕРЫ ПО УКРЕПЛЕНИЮ ЗДОРОВЬЯ

Айлин БАУРЖАН,
Астана



В основных локомотивных депо ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» завершено внедрение автоматизированной системы предрейсовых и послерейсовых медицинских осмотров (АСМО).

Новая система позволяет повысить качество контроля состояния здоровья работников и минимизировать влияние человеческого фактора.

В подразделениях компании АСМО уже функционирует в штатном режиме, обеспечивая оперативную и объективную оценку состояния работников перед выходом на линию и после рейса. Система автоматизирует ведение медицинской документации, фиксирует результаты осмотров и способствует усилению контроля за соблюдением требований охраны труда.

На 2026 год запланировано дальнейшее расширение проекта – внедрение АСМО в оборотных депо и подменных пунктах.

Одним из ключевых направлений в политике предприятия остается укрепление здоровья персонала. Для этого ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» предусмотрело санаторно-курортное лечение для 3 595 работников, в том числе сотрудников, относящихся к зоне повышенного риска.

По состоянию на сентябрь текущего года уже выдано 2 364 путевки.

Дополнительно в компании разработаны обучающие программы для всех категорий работников – свыше 100 тематических курсов по безопасности. Во всех филиалах инструктажи сопровождаются показом обучающих слайдов и видеоматериалов, а совещания начинаются с блока «М безопасности». Его цель – формирование культуры безопасного поведения и снижение риска производственного травматизма.

№98 (3137) 25/11/2025

В ноябре свой вековой юбилей отметила ветеран отрасли, труженица тыла Анна Озеранская. 100 лет – редкий и бесценный возраст, целая эпоха, прожитая одним человеком. Совет ветеранов железнодорожного узла Астана побывал в гостях у именинницы, чтобы лично поздравить ее с этой важной датой.

ВЕКОВАЯ ВЕХА АННЫ ОЗЕРАНСКОЙ

Представители узлового совета во главе с председателем Санией Абдрахмановой поблагодарили Анну Александровну за многолетний труд, вручив ей благодарственный адрес и подарки.

Глядя на именинницу, сложно поверить, что за плечами этой прекрасной женщины целый век. Энергичная, статная, элегантная и красивая, в 15-летнем возрасте вместе с семьей переехала в Акмолу. Через год началась Великая Отечественная война. Юная Анна, как и тысячи девушек тех лет, встала к станку в депо. В условиях нехватки мужских рук тяжела, требующая выносливости и точности работа ложилась на женские плечи. С 1942 по 1944 год станочница управляла металлорежущими станками для производства и ремонта деталей

железнодорожной техники, внося вклад в бесперебойное движение поездов. После войны Анна Александровна вышла замуж, воспитывала детей, а затем вернулась к труду – уже в кустовой бухгалтерии, куда входили все дошкольные учреждения железнодорожной отрасли. На заслуженный отдых вышла в 1980 году из железнодорожной школы.

За годы служения отрасли и стране она завоевала уважение коллег и заслуженные награды, в том числе медаль к 80-летию Победы как труженик тыла.

Главным своим достижением и богатством именинница считает большую семью – у Анны Александровны трое детей, шесть внуков, шесть правнуков и двое прапраправнуков. По примеру мамы железнодорожную стезю выбрал младший сын Георгий. Он окончил железнодорожный институт, работал на ВРЗ, откуда и ушел на пенсию. В свой 100-летний юбилей Анна Озеранская окружена заботой и вниманием близких, друзей, коллег и соратников. Она поблагодарила гостей из узлового совета ветеранов за то, что всегда



помнят о своих пенсионерах.

– Мы стараемся оказывать поддержку нашим ветеранам круглый год, а в особые даты обязательно поздравляем. Это наша возможность сказать им спасибо за труд, пожелать крепкого здоровья, благополучия и долгих лет жизни. К сожалению, с каждым годом такие большие юбилеи становятся все более редким и особенно ценным событием, – поделилась Сания Абдрахманова.

На той же неделе Совет ветеранов железнодорожного узла Астана поздравил с 90-летием еще одну бывшую работницу отрасли – отличницу железнодорожного транспорта Любовь Савинскую. Долгие годы Любовь Михайловна была заведующей магазина в отделе рабочего снабжения НОДа. В этом году отмечена медалью к 80-летию Победы.

Пенсионеры железнодорожной отрасли – люди стальной воли, трудолюбивые, честные, ответственные, которые по праву могут служить примером для нынешнего и будущих поколений, отмечают в совете ветеранов.

Любовь РОВБА
Фото автора

ҚҰРМЕТТЕП ШЫҒАРЫП САЛДЫ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ «Көпфункционалды қызмет көрсету орталығы» филиалы Қорларды басқару департаментінің директоры Гүлнар Аманбаева көп жылғы еңбегінің зейнетін көруге құрметті демалысқа шықты. Ұлттық компанияда ширек ғасырдан астам еңбек еткен маманды әріптестері үлкен қошемет-құрметпен шығарып салды.

Гүлнар Салыққызы – теміржол саласының қаржыгерлер қауымына кеңінен таныс тұлға. Еңбек жолын 1983 жылы еліміздегі жетекші жоғары оқу орындарының бірінде экономика кафедрасының оқытушысы болып бастаған ол аспирантураны бітіріп, банк саласында жауапты қызметтер атқарған. Темір жолдағы қызметі 1998 жылы басталып, ҚТЖ құрылып-қалыптасқан жылдары көп істің басы-қасында жүрді. Ұлттық компанияда экономикалық қызметті басқарып, көптеген ірі құрылымдық бөлімшелер, кәсіпорындар, филиалдардың қаржылық қызметін қалыптастыруда зор еңбек сіңірді. Әріптестері оның жетекшілігімен компанияның операциялық қызметіне қыруар қаржыны үнемдеуге мүмкіндік берген үлкен-үлкен жобалар әзірленіп, енгізілгенін айтады. Бір ғана мысал, 2017-2018 жылдары Гүлнар Салыққызы «Сатып алуды санатты басқару» трансформациялық жобасына жетекшілік етіп, нәтижесінде осы жоба бойынша



тікелей экономикалық тиімділік 27,2 млрд астам теңгені құрайды. Осындай тиімді жобалар білікті маманның еңбек қоржынында жеткілікті. 2022 жылы Гүлнар Аманбаева «Құрметті теміржолшы» белгісімен марапатталды.

– Гүлнар Салыққызы алдына қойған мақсаттарына қол жеткізуде табандылықтан таймайтын, өте білімді де іскер, өз ісіне берілген адал маман әрі әділетті басшы бола білді. Кез келген бастамада әр ұсынысты ой таразысына сала отырып, кәсіби шешім қабылдай-

тын жан, – дейді кейіпкерімізді зейнет жасымен құттықтауға келген әріптестері.

Қаржыгер маманның еңбектері еліміздің бірнеше ғылыми экономикалық журналдарында жарық көріп, мықты сарапшы ретінде тиімді ұсыныстары өндіріске енгізілген. Құшағы шоқ-шоқ гүл мен сый-сияпатқа толған Гүлнар Аманбаеваға әріптестері ең ізгі тілектерін арнап, басшылық көп жылғы адал еңбегі үшін алғыс айтты.

Сәулгүл БАКЕСОВА
Суретті түсірген автор

БАҚЫТТЫ ӘЙЕЛ – БАҚЫТТЫ ЕЛ

Қоғам тыныштығын шайқап, отбасының жылуын өшіретін, адамның жан дүниесін жаралайтын ең ауыр кеселдің бірі – зорлық-зомбылық. Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ұшырап жататын нәзік жандардың тағдырына араша түсіп, көлеңкелі құбылыстарға қарсы тұру бүгінгі күннің өзекті тақырыбының біріне айналды.

Қызылорда бөлімшесінде «Бақытты әйел – бақытты ел» тақырыбында ерекше мазмұндағы шара ұйымдастырылды. Магистральдық желі бөлімшесіндегі «Әйелдер қоғамы» ұйымының төрайымы Гүлзада Жақсылықова мен кәсіподақ ұйымының төрайымы Салтанат Махмұтова бастаған белсенді қыз-келіншектер бастамашы болған шара нәзік жандардың сырласу кеші, қоғамда орын алып отырған келеңсіз құбылыстарды айыптап, саналарға сәуле түсірер рухани алаң болғаны анық.

Басқосуда теміржолшы әйелдер қоғам мен адамзат алдындағы жауапкершілікті, ортадағы сыйластық пен сенімнің қадірі, отбасындағы ынтымақ жайлы кеңінен сұхбат құрып, зорлық-зомбылыққа қарсы үн қату тек шара өткізуден шектелмей, кез келген әлімжеттілікке нөлдік төзімділікпен қарсы тұру, әрекет ету қажеттігі айтылды.

– Теміржолшылар – тәртіп пен талапқа бағынатын, қызметтік этикасы жоғары адамдар. Сондықтан біздің ортада зорлық-зомбылық фактілері кездеспейді. Ұжым мүшелері арасында да бір-біріне деген сыйластық, жауапкершілік сезімі бәрінен биік, – деп ой бөліскен персонал бөлімінің басшысы Зәуре Алматова қоғамда болып жатқан кейбір келеңсіз



жайттарға немқұрайлы қарамауға шақырды.

Төратам вокзалының басшысы Меруерт Әбдіраманова жалаушылармен жүргізілетін қауіпсіздік жұмыстарына тоқталды.

Кездесу барысында жиналған әйелдер зорлық-зомбылыққа қарсы нөлдік төзімділік қалыптастырудың жолдарын талқылап, әрқайсысы өз тәжірибесінен түйген ойларын ортаға салды. Әйел – отбасының ұясы, жылуы. Әйелдің бақытты болуы – елдің берекесі. Сондықтан «Бақытты әйел – бақытты ел» деген атаудың өзі шараның жүгі мен маңызын айқындап тұрды.

Кәсіподақ төрайымы Салтанат Махмұтова қатысушыларға естелік сыйлықтар тапсырып, барша әйелдерді зорлық-зомбылықтың алдын алуға, көз-жұмбайлыққа салмай, белсенді болуға шақырды.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ, Қызылорда
Суретті түсірген автор

ЛИЧНАЯ ИСТОРИЯ УСПЕХА

Работники железнодорожных структур Карагандинского региона выступают с гостевыми лекциями в местных вузах с целью повышения престижа профессии железнодорожника и привлечения выпускников в структуры ҚТЖ.



Одним из спикеров стал ревизор по безопасности движения по локомотивному хозяйству Карагандинского филиала Карагандинского локомотивного депо ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» Айдарбек Төлеген. Он выступил с презентацией «Электровозы нового поколения» в Карагандинском национальном исследовательском университете

имени академика Е. Букетова. В своем выступлении спикер затронул важную тему касательно безопасности движения локомотивного хозяйства Карагандинской и Улытауской областей, предоставил общие сведения по железным дорогам Казахстана, коснулся их истории.

– В моей презентации была продемонстрирована общая информация касательно отделеия, где имеется 89 отдельных пунктов, из них 46 отдельных пунктов открытые для грузовых операций, 39 отдельных пунктов, оснащенных АСОУП, 4 – оборудованных сортировочными горками. Станций: 3 – внеклассных, 10 – первого класса, 10 – второго, 9 – третьего, 15 – четвертого, 42 – пятого класса. Дислоцируемые предприятия: ДС, ПЧ, ПЧ4, ЭЧ, ВЧДЭ, ТЧЭ, ВП, пожарные поезда, а также ремонтные предприятия, – рассказывает Айдарбек Төлеген.

Наиболее важной частью гостевой лекции стали сведения о современных локомотивах – электровозах, тепловозах. Особенно она заинтересовала парней, ведь каждый из них не прочь посидеть за штурвалом поезда, а может и научиться управлять им.

Ребята с особым вниманием слушали гостя, а по окончании лекции имели возможность задать ему ряд вопросов.

Светлана МОГАЙ, Караганда
Фото автора

СПОРТ КЕШЕНІ САЛЫНАДЫ

Өткен аптада «Қазкөліккәсіп» ҚБ төрағасының орынбасары Ғафу Несіпбаев пен Маңғыстау облысы Бейнеу ауданының әкімі Рахымжан Шалбаев жергілікті тұрғындар арасында салауаттылықты арттыру бойынша ынтымақтастық Меморандумына қол қойды.

Маңғыстау облысы Бейнеу ауданында спорт кешені салынбақ. Құжатта Бейнеу ауылында жабық спорт кешенін салу қарастырылып, оған Сала кәсіподағы қаржылай демеушілік жасайтыны айтылады. Бұл нысан теміржолшылар мен олардың отбасыларына ғана емес, барлық кент тұрғындарына бірдей

қолжетімді болмақ.

Қол қойылған құжатқа сәйкес әкімдік жер учаскесін бөлуді қамтамасыз етіп, нысанды балансқа қабылдап, сондай-ақ оны күтіп-ұстауға және пайдалануға жауапты болады. Ал кәсіподақ өз кезегінде спорт алаңының құрылысын қаржыландырып, құрылыс жұмыстары біткен



соң оны әкімдікке тапсырады.

– Біз үшін теміржол кәсіпорындары қызметкерлерінің еңбек құқықтарын ғана емес, олардың әлеуметтік әл-ауқатын да қолдау маңызды. Спортқа инвестиция –

бұл теміржолшылар мен олардың отбасы мүшелерінің денсаулығы мен болашағына салынған инвестиция. Соңғы жылдары кәсіподақ Атырау, Көкшетау, Екібастұз, Мақат, Павлодар, Орал және Ақтөбеде түрлі спорт алаңдарының құрылысын қаржыландырды. Еңбек ұжымдарында салауатты өмір салтын және әлеуметтік әл-ауқатты қалыптастырудағы спорт пен дене шынықтырудың маңыздылығын ескере отырып, біз осындай жобаларды қолдауды жалғастырамыз, – деді Кәсіподақ төрағасының орынбасары Ғафу Несіпбаев.

Ислам ТАЛҒАТ

БОЛЕЕ КОМФОРТНОЕ ПРОСТРАНСТВО



В Оскеменском эксплуатационном локомотивном депо (ТЧЭ-22) подвели итоги акции «Таза Қазақстан», во время которой работники предприятия высадили более полутысячи деревьев карагаш.

Работники ТЧЭ-22 во главе с начальником Асхатом Елюбаевым в парке на привокзальной территории Оскемен-1, возле памятника паровозу Турксиба, в конце октября посадили 550 саженцев.

– В этом мероприятии принимала участие большая часть нашего коллектива. Считаю, что таким образом мы внесли вклад в зеленое будущее нашей страны, – рассказала эколог Оскеменского эксплуатационного локомотивного депо Куралай Мактиева.

По данным ТЧЭ-22, помимо высадки деревьев они ежегодно вносят свой вклад в благоустройство города, занимаясь покраской и приведением в эстетический вид паровоза, установленному недалеко от вокзала Оскемен-1. К



слову, здание вокзала сейчас также проходит реконструкцию. Так что и новые деревья, и обновленное здание вокзала, и ухоженный памятник паровозу постепенно превращают эту часть Усть-Каменогорска в более аккуратное, комфортное и приятное для горожан пространство.

Ольга УШАКОВА,
Усть-Каменогорск
Фото Куралай МАКТИЕВОЙ

 ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ  ҚАЗКӨЛІККӘСІП Бас редактор Дина Муздубаева Бас редактордың орынбасары Меруерт Өмірзақова	Редакцияның мекен-жайы: Астана қ., Д.Қонаев көшесі 6. тел: 8 (7172) 60-44-87, 60-44-88, 60-44-92 Басылымның таралымы 11 415 Газет сейсенбі, жұма күндері шығады. Жауапты хатшы Ерболат Тілеуберенов, тел.: +7 702 5795768 Кезекші редакторлар: Р. Рахметов, С. Бакесова	Газет шығару және тарату қызметімен «Қазақстандық салалық теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі қозғалтқыштерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады. © «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе еңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынғын, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.	Меншікті тілшілер: Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80 Атырау: Қосыйым Мұқашев 8-778-946-09-66 Ақтөбе: Ардақ Ерубеева 8-702-843-27-97 Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87 Семей: Қуаныш Қожаев 8-707-906-79-80 Маңғыстау: Шахида Жұманова 8-707-886-72-45 Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17 Қызылорда: Сабырхан Нәдірбаев 8-778-409-78-59 Жамбыл: Ардақ Усейінова 8-777-667-26-20 Шымкент: Нұрлыбек Досыбай 87025480092 Қарағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76 Қостанай: Аслан Құдабаев 8-705-267-44-00 Павлодар: Кадана Ертay 8-777-498-31-61 Газет басылатын қалалар: Астана, Сілеті 30 «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2. «Хабар-Сервис» ЖШС Шымкент, Әлімқұлов көш., 22. «ERNUR Print» ЖШС Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде № 601 тіркеу куәлігі берілді.
--	--	---	---